2/10

Оқулықты (оқу-әдістемелік құралды) басып шығаруға арналған авторлық келісім-шарт № 237

Астана қаласы «02» ақпан 2010 ж.

Бұдан әрі **«Баспа»** деп аталатын **«Фолиант» баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің** атынан оның **Жарғы** мен «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының негізінде іс-әрекет ететін директоры Исабеков Нұрлан Сәрсенбіұлы және бұдан әрі **«Автор»** деп аталатын жеке тұлға

Бектасов Болат

төмендегі келісім-шартты жасасты:

1. **Автор** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 7 маусымдағы «Бастауыш және орта кәсіптік білім берудің арнайы пәндері бойынша білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылған оқу әдебиеті Тізімін бекіту туралы» № 319 бұйрығына сәйкес, **Баспаға** өзінің

Тракторлар құрылысы (технологиялық нұсқау карталар жинағы)

(шығарманың атауы)

шығармасын қазақ тілінде басып шығару, қайта басып шығару және таратудың ерекше мүліктік құқықтарын 10 жыл мерзімге береді.

Аталған шығарма келесі талаптарға сай болуы тиіс:

а) оқу құралы

(әдебиет түрі)

б) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

(ұсынушы орган немесе мекеме)

в) көлемі 10,0 (он сегіз) авторлық баспа табаққа дейін

(авторлық баспа табақ 40 000 баспа белгісіне тең)

г) шығарманың жалпы көлемінің 20 %-нан артық емес

(иллюстрация саны және көлемі)

2. Оқулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің бағдарламасы бойынша республиканың оқу орындарында сынақтан өткен соң сараптамалық қорытындыларда айтылған ұсыныстар мен ескертулер бойынша **Автор** шығарманы қайта өңдеуге міндетті.

3. **Автор** шығарма қолжазбасын **Баспаға** 2010 жылдың 15 ақпанына дейін тапсыруға (почтаға салуға) міндетті.

Автор қол қойған қолжазба MS Word мәтіндік редакторында, 14 кегль, 1,5 жоралалықта, Times New Roman, KZ Times New Roman басма әріптерімен теріліп (жоғарғы және төменгі жағынан - 2,5 см; сол және оң жағынан – 2,1 см орын қалдырылады), қағаз және электрондық нұсқада (лазерлік диск) тапсырылады. Екі не одан көп авторлардың бірлесіп жазған шығармасына (ұжымдық шығарма) авторлардың барлығы қол қоюы және шығарма толық тапсырылуы тиіс.

4. **Автор** келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап және қолжазбаны мақұлдағаннан 10 жыл мерзім (02.02.2010 ж.– 02.02.2020 ж.) өткенге дейін, **Баспаның** қағаз жүзіндегі алдын ала рұқсатынсыз, аталған келісім-шарттың 1-пунктінде көрсетілген шығарманы толық не жартылай жарыққа шығару үшін басқа ұйымдарға беруге құқығы жоқ.

5. **Басма** қолжазба сапасын жақсарту мақсатымен оны сараптамаға жіберуге құқылы.

6. **Автор, Баспаның** ұсынысы бойынша, кітап сапасын жақсарту мақсатында шығарманы қайта өңдеуге немесе түзетулер енгізуге міндетті.

7. **Басма,** Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 15-бабына сәйкес, **Автордың** келісімінсіз шығармаға, оның тақырыбына және автордың аты-жөнінің жазылуына өзгерту енгізуіне құқығы жоқ.

8. **Автор, Баспаның** талап етуі бойынша, айрықша төлемақы белгіленбесе де, кітап өнімдерін өндіріске жіберу кестесін есепке ала отырып, тараптармен келісілген мерзімде шығарманың толық түзетілген нұсқасын оқып шығуға міндетті. **Басма, Автордың** талабы бойынша, оған толық түзетілген нұсқаны оқуға беруге міндетті. **Автордың** басылған беттерді кешіктіруі **Баспаға** шығарманы автордың түзетулерінсіз жарыққа шығаруға немесе шығу мерзімін кейінге қалдыруға құқық береді.

9. Кітапты қайта басып шығарғанда, **Автор Баспаның** талабы бойынша, мемлекеттің және қоғамның өмірі мен іс-әрекетіндегі заң шығару, білім беру, саяси және басқа да маңызды салалардағы өзгерістерге байланысты шығармаға толықтырулар мен өзгерістер енгізуге міндетті.

10. **Басма** шығарманы кез келген таралымда шығаруға және шығарманы басып шығару мерзімін өзі белгілеуге құқылы.

11. **Баспаның** талабы бойынша, **Автор** жазылған шығарманың ғылыми орталықта немесе жоғары оқу орнында қызметтік тапсырманы орындау барысында жазылған жоспарлы жұмыс емес екендігін немесе өндірістен қол үзіп жазылған диссертация емес екендігін растайтын анықтама тапсыруға міндетті. Жоспарлы оқулықтар мен оқу құралдарын жазған уақытта ғана анықтама талап етілмейді.

12. Шығарманың таралымы 1000 (мың) дананы құрайды.

13. **Баспа,** шығармаға ерекше мүліктік құқықтар бергені үшін, **Авторға** баспадан шыққан әр таралымның жалпы құнының 5 (бес) % мөлшерінде қаламақы төлеуге міндетті.

14. Шығарманы екі не одан да көп адамдар дайындаған жағдайда (ұжымдық шығарма), **Баспа Авторлардың** тобында неше адам бар екеніне қарамастан, осы келісімшарттың 13-пунктінде көрсетілген сомадағы қаламақыны төлейді.

15. **Баспа Авторға** шығарманы қайта басып шығару туралы шешімі туралы жазбаша хабарлауға міндетті. **Автор** шығармаға енгізу қажет деп тапқан өзгерістер туралы екі апта ішінде **Баспаға** жазбаша түрде хабарлайды.

Шығарманы өзгертулер енгізіп қайта басып шығару (стилистикалық түзетулер мен қателерді жөндеуден басқа) осы келісімшартқа қосымша келісім негізінде жүзеге асады.

16. **Баспа** оқулықты басқа тілдерге аударып баспадан шығаруға құқылы. Аударма баспадан шыққан жағдайда, аудармашыға қаламақы Білім және ғылым министрлігі бекіткен мөлшерге сәйкес, ал авторға осы авторлық келісімшарттың 13-пунктіне сәйкес төленеді.

17. Қаламақы алғанына және келісім-шартқа қол қойғанына қарамастан, **Автордың** шығармаға жеке мүліктік емес құқығы: бекітілген **Автор** болуға, шығарма даналарында аты-жөнін көрсетуге және көрсетілуін талап етуге, Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 15-бабына сәйкес, шығарманың дербестігіне құқығы сақталады.

Баспа авторлық құқықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің зияткерлік меншік құқықтары жөніндегі Комитетінде тіркеуден өткізеді.

18. **Баспа** шығарманың алғашқы басылымынан **Авторға** кітаптың (жинақтың) 5 данасын, қайта басып шығарған жағдайда 2 данасын (авторлардың санына қарамастан) тегін беруге міндетті.

19. **Баспа, Авторға** алдын ала жазбаша хабарлағаннан кейін, келісімшартта көрсетілген құқықтар мен міндеттерді басқа ұйымдарға толық не жартылай беруге құқылы.

20. Келісім шарт бойынша келіспеушіліктер заңда белгіленген тәртіп бойынша сотта қаралады.

21. Келісім шартты бекіту үшін **Автор Баспаға** құжаттарының ксерокөшірмесін (СТТН, жеке төлқұжаты, банк атауы көрсете отырып төлем карточкасының нөмірін) тапсыруы қажет.

22. Тараптардың мекен жайы өзгерген жағдайда бір-біріне жазбаша хабарлауға міндетті.

23. Тараптардың мекен жайлары:

Баспа:	Автор(лар):
010000, Астана қаласы,	**Бектасов Болат**
Ш.Айманов к-сі, 13	Орал қаласы,

Бекмагамбетов

Тел. 8 (7172) 39-54-59, 39-60-70
Тел./факс: 8 (7172) 39-72-49
СТТН 620300211568
ИИК 028467683
«Банкцентркредит»
БИК 195301723
КБЕ 17
e-mail: **foliant75@mail.ru**

Жәңгір хан к-сі, 43 үй, 70 п.
ұялы тел. 87021320523
№ 017565410 жеке куәлігі ҚР ӘМ
28.07.2005ж. берілген
СТК 270610072526
Халық банктік карточкасының
№ 6762 0030 0876 9209

Тараптардың қолы:
Директор

«ИЗДАТЕЛЬСТВО «ФОЛИАНТ»

_____ Ш. Исабеков

Автор (лар):

_____